



«Самұрық-Энерго» АҚ басшылығының 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

2026 ЖЫЛ

Мазмұны

<u>1.</u>	<u>Топқа шолу</u>	2
<u>2.</u>	<u>Макроэкономикалық факторлар</u>	3
<u>3.</u>	<u>Тариф саясаты</u>	6
<u>4.</u>	<u>Өндірістік көрсеткіштер</u>	8
<u>5.</u>	<u>Есептік кезеңдегі негізгі оқиғалар</u>	11
<u>6.</u>	<u>Қоғам дамуының негізгі бағыттары</u>	14
<u>7.</u>	<u>Есеп саясатының қағидаттары</u>	15
<u>8.</u>	<u>Қаржы-экономикалық көрсеткіштер</u>	18
<u>9.</u>	<u>Құрылған және бөлінген экономикалық күн</u>	24
<u>10.</u>	<u>Компания қызметінің түрлерін мемлекеттік тарифтік реттеу</u>	25
<u>11.</u>	<u>Стратегиялық ҚНҚ-ні орындау</u>	30
<u>12.</u>	<u>Күрделі шығындарға игеру әдісі бойынша жасалған талдау</u>	31
<u>13.</u>	<u>Өтімділік және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері</u>	32
<u>14.</u>	<u>Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер</u>	32
<u>15.</u>	<u>Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)</u>	40

1. Топқа шолу

Жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңғырту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) құрылды. Қоғамның құрылған сәттегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ болды. Қоғам 2007 жылы 10 мамырда Алматы қаласында тіркелді.


2008 жылы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ны біріктіру арқылы жүргізілген қайта құру нәтижесінде «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері болып белгіленді.

Қазіргі кезде Қоғам энергиямен жабдықтау бойынша тиімділігі жоғары жүйені қалыптастыратын, сондай-ақ Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін халықаралық энергия балансына ойдағыдай интеграцияланған аса ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр энергиясын, жылу энергиясын және ыстық суды өндіру, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Қоғам активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС және «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ сияқты ұлттық маңызы бар, сондай-ақ Алматы өңірінде электр және жылу энергиясын өндіретін өңірлік маңызы бар станциялар бар; СЭС Ертіс каскадына, сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірлерінің СЭС-іне (Шардара СЭС және Мойнақ СЭС) кіретін республиканың негізгі су электр станциялары да бар. Сонымен қатар Қоғам активтерінің құрамына өңірлік тарату желілері мен Алматы өңірінің өткізуші компаниясы мен Қазақстандағы көмір өндіретін ең ірі кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын Топтың және Қазақстанда да, сондай-ақ, Ресей Федерациясында да орналасқан үшінші тараптардың өндіруші объектілеріне көмір жеткізеді.

САМУРЫҚ-ЭНЕРГО АКТИВТЕРІНІҢ ПОРТФЕЛІ



2. Макроэкономикалық факторлар

2025 жылғы желтоқсанда Қазақстандағы жылдық инфляция 12,3%-ды құрап, 2024 жылғы 8,6% мөлшерінен жоғарылады.

Желтоқсан айында азық-түлік тауарларының бағасы жылдық мәнде 13,5%-ға өсті, бұл алдыңғы айлармен салыстырғанда өсудің біршама жеделдеуін көрсетеді. Бұл тренд бірқатар факторларға, соның ішінде маусымдық бағаның құбылуына, азық-түліктің әлемдік бағасының өзгеруіне, сондай-ақ көлік және логистикалық шығындар сияқты ішкі факторлардың әсеріне байланысты. Азық-түлік санатына жатпайтын тауарлар бір жыл ішінде 11,1%-ға өскенін көрсетті, бұл да болжамды мәндер шегінде. Сондай-ақ ақылы қызметтер секторында өсім байқалады, онда жылдық баға өсімі 12,0%-ды құрады.

2025 жылғы желтоқсанда теңге бағамы 1,3% - ға нығайып, АҚШ доллары үшін 505,73 теңгені құрады. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 280-нен 359 млн долларға дейін ұлғайды, ал сауда-саттықтың жалпы көлемі 7,9 млрд долларға жетті.

Тұтастай алғанда, 2025 жылдың қорытындысы бойынша теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы бір доллар үшін 525,10 теңгеден 505,73 теңгеге жетіп, 3,7%-ға нығайды. Сауда-саттық көлемі 63 млрд АҚШ долларын құрап, 15% - ға артты.

Ұлттық қордан валюта сату 400 млн долларды құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз етті. Бұл сатылымдардың үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 5%-ын немесе күніне шамамен 18 миллион долларды

құрады. Бұл ретте, 2025 жылы Ұлттық қордан барлығы 8,2 млрд АҚШ доллары сатылды.


Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді міндетті сату көлемі шамамен 315 млн долларды құрады. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін кемінде 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк 2025 жылғы желтоқсанда зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алмады.



Ұлттық Банк нарықтық бейтараптық және икемді бағам қалыптастыру қағидаттарын ұстануды жалғастыруда, сондай-ақ жүргізіліп жатқан валюталық операциялар туралы ақпаратты ашуда ашықтықты сақтайды. Қысқа мерзімді перспективада теңге динамикасы нарықтық болжамдармен, салық төлемдерімен, әлемдік экономикалық жағдаймен және геосаяси факторлармен айқындалатын болады.

<https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/publications/280680/>
<https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/18201>
(дереккөз: ҰСБ, ҚРХБ)

Валюта бағамдарының өсу қарқыны:

	31.12.2024 жыл	31.12.2025 жыл	%
KZT/USD	523,54	502,57	96%
KZT/EUR	546,47	591,68	108%
KZT/RUB	4,99	4,42	129%






Жүйелік оператордың деректері бойынша ҚР электр станциялары 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 123 110,9 млн. кВтсағ электр энергиясын өндірді, бұл 5 195,5 мың кВтсағ немесе 2024 жылғы ұқсас кезеңнен 4,41%-ға артық.

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстарында электр энергиясының өндірісі 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда едәуір ұлғайды.


Сонымен қатар, Алматы, Абай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Түркістан облыстарында электр энергиясы өндірісінің төмендеуі байқалды.



2025 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында энергия холдингтері мен ірі энергия өндіруші ұйымдар 51 910,2 млн кВт/сағ электр энергиясын өндірді, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңінен 231 млн кВт/сағ артық (51,679,2 млн кВт/сағ), ал олардың жиынтық үлесі жалпы өндіру көлемінің 42,2%-ын құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 40 436,3 млн.кВтсағ құрады. 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын өндірудің ұлғаюы 39 772,3 млн. кВтсағ немесе 2%-ды құрады.

Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда республика бойынша электр энергиясын тұтыну динамикасында 2024 жылдың ұқсас көрсеткіштерімен салыстырғанда 4 611 млн кВт/сағ немесе 3,8%-ға артқаны байқалды. Сөйтіп, республиканың батыс, оңтүстік, солтүстік аймақта – 2,41%-ға, аймақтарында тұтыну көлемі сәйкесінше 13,2%, 8% және 0,3%-ға өсті.



3. Тариф саясаты

Қоғам тобына кіретін еншілес компаниялардың және табиғи монополиялар субъектілері, бәсекелестік және қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері болып табылатын оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңдарымен және ҚР Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түріне байланысты тарифтерді реттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің (ЭМ) құзыретіне жатады.

ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесі» бекітілді.

2014 жылы қабылданған Қазақстанның отын-энергетика кешенін (ОЭК) дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы негізінде, 2019 жылдан бастап салаға жеткілікті инвестиция тартуға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қуат нарығы енгізілді, бұл ұзақ мерзімді перспективада нарыққа оң әсер етеді.

2019 жылдан бастап қуат нарығының енгізілуіне байланысты энергия өндіруші ұйымдар үшін мынадай тарифтер қалыптастырылды:

- инвестициялық жобаларға және негізгі борышты өтеуге арналған (инвестициялық жобаларды іске асыру үшін тартылатын кредиттік қаражат бойынша) шығындарды қамтитын қуатқа шекті тарифтер.

- электр энергиясын өндіру шығындары мен пайда нормасын қамтитын электр энергиясына шекті тарифтер. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 76 бұйрығымен «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы айқындау әдістемесіу» бекіту туралы 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығына түзетулер енгізілді.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды көздейтін Бірыңғай сатып алушы моделі енгізілді және нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін теңгерім нарығы енгізілді (2023 жылғы 1 шілдеге дейін модель имитациялық режимде жұмыс істеді).

Электр энергиясын беруге және таратуға белгіленген тарифтерді, жылу энергиясын өндіру тарифтерін және энергиямен жабдықтау ұйымдары (ЭЖҰ) үшін тарифтерді Табиғи монополияларды реттеу комитеті реттейді. Комитеттің тарапынан реттеу мен бақылау заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

Тарифтерге қатысты шешімдерге әлеуметтік және саяси мәселелер елеулі әсер етуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және басқа да саясаты Қоғам компаниялары тобының операциялық қызметіне елеулі ықпал етуі ықтимал.


Электр энергиясының жаңа нарық моделіне – бірыңғай сатып алушы мен теңгерім нарығы механизміне негізделген модельге көшу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады. Теңгерім нарығы енгізілгеннен кейін барлық электр энергиясы Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынады.

2025 жылы түпкілікті тұтынушы үшін электр энергиясына тариф мынадай құрамдас бөліктерді ескере отырып қалыптасты:

- Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу;
- Ұлттық желі арқылы электр энергиясын беруге/пайдалануға белгеленген тарифтер;
- ӨЭЖ желілері арқылы беру мен таратуға белгіленген тарифтер;
- реттеу, теңгерімдеу және диспетчерлеу қызметтерінің құны;
- электр қуатын дайындығын қамтамасыз ету қызметінің құны.

4. Өндірістік көрсеткіштер

ҚР БОЙЫНША 2025 ЖЫЛЫ «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ЖАЛПЫ Э.Э. ӨНДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ



Қоғамның 2025 жылы ҚР бойынша жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі 32,8%-ды құрады, 2024 жылмен салыстырғанда үлес 1,1%-ға төмендеді.


Өндірістік ҚНҚ (өндірушілерге шаққанда)

2025 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 40 436 млн. кВтс. құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2%-ға немесе 664 млн.кВтсағ. жоғары. Электр энергиясын өндіру негізінен «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС бойынша 2025 жылы станцияның белгіленген қуатының ұлғаюына байланысты 2029 млн. кВтс (9%-ға) өсуінен байқалады. Бұл ретте «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ бойынша №1А ОЖ-ның істен шығуынан туындаған жоспарланбаған жөндеуге орай тоқтап қалуына байланысты электр энергиясын өндіру көлемінің 799 млн. кВтсағ. (13%-ға) төмендеуі байқалады, бұл №1 энергоблокта жұмыс қуатын энергия блогын тоқтатпай төмендетуге және «KEGOC» АҚ-ның шектеуіне байланысты резервтегі іркіліске әкелді, «Алматы электр станциялары» АҚ бойынша 3-ЖЭО-да негізгі және қосалқы жабдықтарға жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын жүргізу себебінен 75 млн. кВтсағ (1%-ға), «Мойнақ СЭС» АҚ бойынша 2025 жылы Бестөбе су қоймасындағы су ағыны 2024 жылмен салыстырғанда төмен болуы себебінен 92 млн. кВтсағ (9%-ға), «Шардара СЭС» АҚ бойынша Су ресурстары министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің су жіберуді азайту туралы өкіміне сәйкес 147 млн. кВтсағ (25% - ға), «Өскемен СЭС» ЖШС мен «Шүлбі СЭС» ЖШС бойынша Жүйелік оператордың тапсырмасына сәйкес тиісінше 64 млн.кВтсағ және 185 млн. кВтсағ. төмендеуі байқалады.


ЕТҮ атауы	2023	2024	2025	2024 ж. фактіге %
	Нақты	Нақты	Нақты	
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс				
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	22 870	22 544	24 573	109%
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	5 659	6 045	5 246	87%
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	5 054	5 196	5 121	99%
«Мойнақ СЭС» АҚ	832	1 071	979	91%
«Шардара СЭС» АҚ	529	583	436	75%
«Өскемен СЭС» ЖШС	-	1 891	1 827	97%
«Шүлбі СЭС» ЖШС	-	2 057	1 872	91%

ЕТҮ атауы	2023 Нақты	2024 Нақты	2025 Нақты	2024 ж. фактіге %
«Samruk-Green Energy» ЖШС	21,52	21,01	21,10	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	143	137	149	109%
«Энергия Семиречья» ЖШС	221	227	212	93%
Барлығы	35 330	39 772	40 436	102%
ҚУАТ сату көлемі, МВт				
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	1 330	1 830	2 210	121%
оның і. жеке тариф бойынша қуат көлемі			477	
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	647	899	804	89%
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	808	834	816	98%
оның і. жеке тариф бойынша қуат көлемі	70	70	-	0%
«Мойнақ СЭС» АҚ	292	289	298	103%
«Шардара СЭС» АҚ	61	61	61	100%
«Өскемен СЭС» ЖШС		329	330	100%
«Шұлбі СЭС» ЖШС		576	564	98%
Барлығы	3 138	4 818	5 082	105%
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал				
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	5 582	5 776	5 649	98%
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	70	76	76	100%
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	124	136	122	89%
«Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО)		672	1 366	203%
Барлығы	5 776	6 660	7 212	108%
Электр энергиясын беру көлемі, млн кВтс				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	8 686	9 259	9 947	107%
Барлығы	8 686	9 259	9 947	107%
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ филиалы - Энергосбыт	7 086	8 736	9 816	112%
Барлығы	7 086	8 736	9 816	112%
Көмірді сату көлемі, млн тонн	42,49	43,00	44,35	103%

2025 жылы жылу энергиясын өндіру көлемі 7 212 мың Гкал-ды құрайды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсім 8% -ды құрайды, ұлғаю негізінен 2024 жылы «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) көлемі ҮҚШ-ның қолданылу сәтінен бастап 5 ай ішінде есепке алынғандығына байланысты болды.



«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ желілері бойынша **электр энергиясын беру көлемі** 2025 жылы 9 947 млн. кВтсағ. құрады, бұл Алматы өңіріндегі тұтыну көлемінің өсуі нәтижесінде 2024 жылғы нақты көрсеткіштен 7% -ға немесе 688 млн. кВтсағ. жоғары.




Энергиямен жабдықтаушы ұйымның есепті кезеңде **электр энергиясын сатуының жалпы көлемі** 9 816 млн.кВтсағ құрады, бұл «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ филиалы - Энергосбыт қызмет көрсету аймағында электр энергиясын тұтыну көлемінің ұлғаюына байланысты 2024 жылдың ұқсас кезеңінен 12% - ға артық.

<u>Атауы</u>	<u>Нақты 2024ж.</u>	<u>Нақты 2025ж.</u>	<u>Ауытқу</u>	<u>%</u>
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ филиалы - Энергосбыт				
<u>Тұтынушылар саны, о.і.:</u>	987 583	1 021 593	34 010	103%
<i>халық</i>	943 134	974 542	31 408	103%
<i>заңды тұлға</i>	44 449	47 051	2 602	106%
<u>Сату көлемі, млн кВтсағ.</u>	8 736	9 816	1 080	112%

2025 жылдың қорытындысы бойынша **көмір сату көлемі** 44 354 мың тоннаны құрады, бұл осыған ұқсас кезеңнен 3% - ға артық, ҚР және РФ бойынша

тұтынушылардан түскен өтінімдердің ұлғаюына байланысты өткізу тиісінше 2% және 7% - ға ұлғайды.

Аршу жұмыстарының коэффициенті ұқсас кезеңде 0,94 м³/ тонна болса, 2025 жылы 0,96 м³ / тоннаны құрады.



5. Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар

Күні	Оқиға
25 ақпан 2025 ж.	АХҚО биржасында i-REC (International Renewable Energy Certificate) «жасыл» сертификаттары сатылымға шықты. Лондондық Valor Carbon трейдинг компаниясының пайдасына «Samruk-Green Energy» ЖШС i-REC сертификаттарын сату арқылы алғашқы мәміле жасалды.
17 сәуір 2025 ж.	«Жаңа 3-МАЭС станциясын салу» жобасының алдын ала техникалық – экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – алдын ала ТЭН) әзірлеу аяқталды.
30 мамыр 2025 ж.	«Самұрық-Энерго» АҚ мен SACE S.p.A. арасында Италия Республикасы Министрлер кеңесінің Төрағасы Джорджи Мелонидің Қазақстанға ресми сапары шеңберінде Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжат ақпарат алмасуды, инвестициялық жобаларды және итальяндық компаниялардың шетелдік қызметін қолдау тетіктерін пысықтауды, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ жобаларына шағын және орта кәсіпорындардың қаржыландыру көлемі 300 млн еуроға дейін қатысуын қоса алғанда, энергетика секторындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді.
30 мамыр 2025 ж.	«Жаңа 3-МАЭС станциясын салу» жобасының алдын ала ТЭН-і Астана қаласы бойынша Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен Сыйға тарту шартына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы мемлекеттік меншікке берілді.
30 мамыр 2025 ж.	«Екібастұз 2-МАЭС-ті №3 және №4 энергия блоктарын салу арқылы кеңейту және реконструкциялау» жобасы шеңберінде құрамына «КВІ

Күні	Оқиға
	Energy Group» ЖШС (ҚР, Консорциум көшбасшысы), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС (ҚР, жобалаушы) және «ЭнергоСпецСтрой» ЖШС (ҚР, жабдық жеткізуші) кіретін консорциуммен жаңа құрамда ЕРС-келісімшарт жасалды.
4 маусым 2025 ж.	«Алматы 3-ЖЭО-ны қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ жарғылық капиталы жалпы сомасы 11 454 234 мың теңгеге толықтырылды, оның 6 454 795 мың теңгесін Қоғамның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына АҚ акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыра отырып, Қоғамның жай акцияларын орналастыру жолымен қаржыландырды.
24 маусым 2025 ж.	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен «Көкшетау ЖЭО» ЖШС арасында Көкшетау қаласында жылу электр орталығын салуға шарт жасалды.
27 маусым 2025 ж.	«Алматы ЖЭО-2-ні Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» жобасы бойынша генератор мен турбина іргетасына Siemens Energy шығарған газ турбиналық қондырғының бірінші жиынтығын орнату аяқталды.
16 маусым 2025 ж.	Power Central Asia+China энергетикалық форумының алаңдарында «Самұрық-Энерго» АҚ мен ҚХСШЭК «Қытай халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы» МК арасында Қазақстанда алғашқы ГАЭС салу жобасы бойынша Ынтымақтастық туралы келісімге (Cooperation Agreement) қол қойылды.
16 маусым 2025 ж.	«Шүлбі СЭС екінші кезегінің ТЭН-ін» әзірлеу жөніндегі қызметтерді бір көзден - құрамына «Гидропроект институты» АҚ және «Қазақ су шаруашылығы ғылыми - зерттеу институты» ЖШС кіретін консорциумнан сатып алу туралы ҚРҚЖ қабылданды.
16 маусым 2025 ж.	Астанада «Орталық Азия – Қытай» саммиті аясында ұйымдастырылған Power Central Asia + China өңірлік энергетикалық форумында «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС мен China Energy Overseas Investment Co, LTD арасында «СНЭ-мен қуаты 300 МВт СЭС салу» жобасы бойынша Электр энергиясын сатып алу-сату шартына (PPA) қол қойылды.
18 маусым 2025 ж.	«China Power International Holding (СРІН) компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар 1 ГВт ЖЭС салу» жобасы бойынша Qazaq Green Power және СРІН (SNA) арасында акционерлік келісімге қол қойылды.
15 шілде 2025 ж.	«Көкшетау қаласында ЖЭО салу» жобасы бойынша жабдықтарды жобалауға, жеткізуге, құрылыс-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарына келісімшарттар жасалды.
09 шілде 2025 ж. – 11 қыркүйек 2025 ж.	«Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ «Көкшетау қаласында ЖЭО салу» жобасын қаржыландыру шеңберінде «Көкшетау ЖЭО» ЖШС жарғылық капиталын 34,6 млрд.теңге сомасына толықтырды (11 және 16 қыркүйекте мердігерлерге 37,9 млрд. теңге мөлшерінде аванс төленді).

Күні	Оқиға
28 шілде 2025 ж.	«Көкшетау ЖЭО» ЖШС мен «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС арасында электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызметтерді сатып алуға қатысты шарт жасалды.
30 шілде 2025 ж.	Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесінің отырысында «Самұрық Энерго» АҚ мен China Southern Power Grid (CSPG) арасында Жобаны бірлесіп әзірлеу туралы келісімге (JDA) қол қойылды
30 июля 2025 г.	Көкшетау қаласында ЖЭО құрылысы алаңында құрылыс-монтаждау жұмыстарына дайындық басталды.
26 тамыз 2025ж.	«Алматы 3-ЖЭО-ны қайта құру» жобасын қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Халық Банкімен 135,0 млрд. теңге сомасына кредиттік келісім жасалды (31.12.2025ж. жағдай бойынша игеру сомасы 47,3 млрд. теңгені құрады).
Маусым-қыркүйек 2025ж.	«Екібастұз 2-МАЭС-ті №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және реконструкциялау» жобасы шеңберінде KASE биржасында жалпы сомасы 210 млрд.теңгеге 2 облигация траншы шығарылды (30 маусымда мердігерге 89,2 млрд. теңге мөлшерінде аванс төленді, 15 қыркүйекте мердігерге 118,9 млрд. теңге мөлшерінде аванс төленді).
2 қыркүйек 2025 ж.	ҚР–ҚХР Іскерлік кеңесінің отырысы шеңберінде «Sauran Solar Power» ЖШС-мен Инвестициялар туралы келісімге қол қойылды (Түркістан облысында қуаты 300 МВт КЭС жобасы)
2 қыркүйек 2025 ж.	ГАЭС салу жобасы бойынша «Самұрық Энерго» АҚ мен CSPGI арасында ҚКДС шеңберінде жобаны бірлесіп әзірлеу туралы келісімге (JDA) қол қойылды.
19 қыркүйек 2025 ж.	Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, 1-МАЭС өнеркәсіптік аймағы «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС жаңа түтін құбырын салу және қолданыстағы түтін құбырын кейіннен бөлшектеу» жобасының әзірленген ЖСҚ-сына «Мемсараптама» РМК-нің оң қорытындысы алынды.
30 қыркүйек 2025 ж.	Жалпы ауданы 800 га жер учаскелеріне актілер алынды (China Energy Overseas Investment Co. Ltd. компаниясымен бірлесіп қуаты 300 МВт КЭС салу жобасы).
2 қазан 2025 ж.	ҚР Үкіметінің қаулысына қол қойылды, оған сәйкес ҚР Энергетика министрлігі «Семей Энерго» ЖШС және «Өскемен Энерго» ЖШС әлеуетті инвесторлармен Семей ЖЭО мен Өскемен ЖЭО-ны салуға шарттарға тиісінше қол қоя отырып айқындайды.
3 қазан 2025 ж.	«Ақтас Энерджи» ЖШС мен Envision (800 МВт) арасында және «Ақтас Энерджи» ЖШС мен SANY (200 МВт) арасында қуаты 1 000 МВт жел генераторларын жеткізуге келісімшарт (Letter of Award) беру туралы хаттарға қол қойылды.
6 қазан 2025 ж.	«Алматы 2-ЖЭО-ны қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» жобасының ЖСҚ-сына «Мемсараптама» РМК-нің оң қорытындысы алынды.
30 қыркүйек 2025 ж.	Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB+» деңгейінде растады, болжам - «Тұрақты».

Күні	Оқиға
3-тоқсан 2025 ж.	Ислам даму институттары, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі және Әбу-Даби Коммерциялық банкі атынан негізгі кредиторлармен 870 млн. USD сомасына 1000 МВт ЖЭС Масдар жобасы бойынша мандаттық хаттарға қол қойылды.
Қазан 2025ж.	Total ЖЭС 1000 МВт жобасы бойынша халықаралық даму банктері мен коммерциялық банктер атынан 1 млрд. USD астам сомаға кредиторлардың short-list анықталды. Негізгі әрі ірі кредитор - ЕҚДБ - мен 250 млн. USD сомасына мандаттық хатқа қол қойылды.
30 қазан 2025 ж.	Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің оң мемлекеттік экологиялық сараптамасы алынды. (Total Energies компаниясымен қуаты 1 ГВт ЖЭС салу жобасы).
Қараша 2025 ж.	«Алматы 2-ЖЭО-ны қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» жобасы бойынша ЕҚДБ мен АДБ-дан жалпы сомасы 50,3 млрд.теңгеге қаржыландыру алынды.
19 қараша 2025 ж.	Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қоршаған ортаға әсерін бағалау нәтижелері бойынша қорытынды алынды (Total Energies компаниясымен қуаты 1 ГВт ЖЭС салу жобасы)
3 желтоқсан 2025 ж.	«Екібастұз 2-МАЭС-ті «№3,4 энергия блоктарын салу арқылы кеңейту және реконструкциялау» жобасы бойынша ЖСҚ әзірлеу аяқталды және ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өту үшін «Мемсараптама» РМК порталына жүктелді.
24 желтоқсан 2025 ж.	«ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС мен «Семей Энерго» ЖШС, «Өскемен Энерго» ЖШС арасында электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер көрсетуге шарттар жасалды.
29 желтоқсан 2025 ж.	«Altyn Dala Energy» ЖК бірлескен компаниясы қуаты 600 МВт аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы болып анықталды («Tumar Commerce компаниясымен бірлесіп 1 ГВт СЭС салу» жобасы).
29 желтоқсан 2025 ж.	«Мемсараптама» РМК-мен «Екібастұз 2-МАЭС-ті «№3,4 энергия блоктарын салу арқылы кеңейту және реконструкциялау» жобасы бойынша ЖСҚ-ға қатысты ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге шарт жасалды.
25 желтоқсан 2025 ж.	«China Energy Overseas Investment Co., Ltd - мен бірлесіп «Қарағанды облысында қуаты 500 МВт ЖЭС салу» жобасын (бұдан әрі - жоба) одан әрі іске асыру үшін «Karaganda Wind Power» ЖШС жобалау компаниясы тіркелді. Жобалық қуаты 500 МВт және 1,66 млн МВт/сағ. деңгейінде электр энергиясын болжамды орташа жылдық өндіруді болжайды. Сондай-ақ, Жобада қуаты 150 МВт/300 МВт/сағ. энергия жинақтау жүйесін (ЭЖЖ) салу көзделген.

6. Компанияны дамытудың негізгі бағыттары

2024 жылғы 19 шілдеде Қоғамның 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясының жаңа редакциясы бекітілді. Стратегияны өзектендіру қажеттілігі сала мен Қоғам деңгейіндегі елеулі өзгерістерге байланысты туындады.

Қоғам алдында ішкі тұтынушыларды энергия ресурстарымен қамтамасыз ету мен экспорттың оңтайлы арақатынасын қамтитын, жоғары экономикалық тиімділікке, инновациялық жетілдіруге және әлеуметтік жауапкершіліктің озық

стандарттарына негізделген теңгерімді даму моделін қалыптастыру міндеті тұр. Осы негізде Қоғамның стратегиялық пайымы айқындалады.

Пайымдау: Адамдар мен қоршаған ортаға қамқорлық, сенімді әріптестік қағидаттары негізінде барлық мүдделі тараптар үшін қолайлы экожүйені қалыптастыратын, электр энергетикасы саласындағы тиімділігі жоғары инновациялық көшбасшы.

Миссия: Біз еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз және орнықты даму мен ресурстарды тиімді басқару қағидаттарын ұстана отырып, жеделдетіп энергияға көшуге ықпал етеміз.

Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам миссиясынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге Қоғам неғұрлым көп ықпал ететін негізгі стратегиялық қызмет бағыттары айқындалды:

Энергетикалық қауіпсіздік. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы жолбасшы бола отырып, Қоғам Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі болып қала береді. Сыртқы факторлар тарапынан орын алып отырған шектеулер алдағы кезеңде базалық және маневрлік генерацияны қолдау және кеңейту қажеттілігіне алып келеді.

Тиімділік. Қоғам деңгейінде электр және жылу энергиясының қолжетімділігі оның қызметінің тиімділігі тұрғысынан басқарылуы мүмкін. Электр және жылу энергиясын тиімді өндіру – жалпы шығындар деңгейін төмендетудің негізгі тәсілі, бұл қолжетімді бағаларды қалыптастыруға көбірек мүмкіндік береді.

Энергетикаға көшу. Ұзақ мерзімді перспективада Қоғам энергетикаға көшу (2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу) жөніндегі мемлекеттік мақсаттарды қолдап, қызмет бағытын мемлекеттік саясатқа сәйкес қайта бағдарлай отырып, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамытудың қозғаушы күшіне айналады.

Орнықты даму. Орнықты дамуды жүйелі басқару Қоғамның орнықты даму саласындағы басымдықтарын стратегиялық деңгейде белгілеуге мүмкіндік береді.

Негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру қорытындылары

6.1 Халықаралық ынтымақтастық арқылы базалық және маневрлік қуаттылықты құру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру

- 2025 жылы «3-МАЭС көмір станциясының 1-4 блоктарын салу» жобасы бойынша алдын ала ТЭН нәтижелері мақұлданып, материалдард мемлекеттік меншікке берілді. «Көкшетау ЖЭО-ны салу» жобасы бойынша жабдықтарды жобалауға, жеткізуге және құрылыс-монтаждау жұмыстарына келісімшарттар жасалды; инженерлік ізденістер орындалды және құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

6.2 Қолданыстағы активтерді заманауи технологияларды қолдана отырып жаңғырту және қайта құру

«АлЭС» АҚ Алматы 2-ЖЭО-ны қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, ҚМЖ мен жабдықтарды жеткізу жалғасуда. «БГҚ базасында қуаты 450 МВт-ға дейін Алматы 3-ЖЭО-ны қайта құру» жобасы бойынша ЖСҚ сараптамасы

жүргізіліп, құрылыс жұмыстары басталды. «Екібастұз 2-МАЭС станциясын «№3 ст. блогын салу арқылы кеңейту және реконструкциялау» жобалары, «Екібастұз 2-МАЭС станциясын №4 ст. блогын салу арқылы кеңейту және реконструкциялау» жобалары бойынша ЖСҚ сараптамаға жіберілді, құрылысқа дайындық басталды.

«Өскемен ГЭС гидроагрегатын жаңғырту», «Отын берудің өндірістік кешенін реконструкциялау және жаңғырту», «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС №1 түтін құбырын салу», «Түрксіб» 110/10-6 кВ ҚС салу» жобаларын, желілерді реконструкциялау жобаларын іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылды.

6.3 Уақтылы және сапалы техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізу

Жаңғырту және қайта құру жұмыстарының нәтижесінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр желілерінің тозуы 84,4%-ға дейін төмендетілді.

6.4 Жеткізу тізбегінің сенімділігі

Ресей Федерациясына байытылмаған көмір экспортының көлемі 9, 95 мың тоннаны құрады.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ желілеріндегі технологиялық шығындарды азайту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру 6,6 млрд теңгені үнемдеуге қол жеткізді (2020 жылдың деңгейімен салыстырғанда 10,33%).

6.5 Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу технологиялары мен процестерін енгізу

Энергия тиімділігін арттыру бойынша 67 іс-шара іске асырылып, 2,7 млрд теңгеден астам жиынтық үнемдеуді қамтамасыз етілді.

6.6 Активтердің құрылымын оңтайландыру

«Шардара СЭС» АҚ, «Өскемен СЭС АЭС» ЖШС, «Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС, «Бұқтырма СЭС» АҚ Qazaq Green Power PLC құрамына берілді.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосу арқылы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ны қайта құру аяқталды.

6.7 Операциялық тиімділікті жақсарту (өзіндік құнды, бизнес-процестерді оңтайландыру)

Негізгі цифрлық шешімдерді енгізу аяқталды: HR-процестерді автоматтандыру, ақпараттық қауіпсіздік жүйесі, өндірістік мониторинг, РРА және инвестициялық жобаларды басқару.

6.8 Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

2025 жылы барлық қаржылық ковенанттар орындалды. Тұрақты болжаммен ВВ+ деңгейіндегі несиелік рейтинг расталды. Қаржылық тұрақтылықты стресстестілеу тетігі енгізілді.

6.9 Заманауи цифрлық шешімдер мен технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті ендіру

Өнеркәсіптік пайдалануға ERP-жүйесі енгізілді, шығарындыларды мониторингілеу жүйелері енгізілді, жабдықтар жаңғыртылды, электр энергиясын есепке алу үшін smart-шешімдер сатып алынды.

6.10 Заңнамалық бастамаларды қалыптастыру және тарифтерді белгілеу

Қоғам салалық заңнамалық бастамаларды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді, нормативтік базадағы өзгерістерге мониторинг жүргізді.

6.11 ЖЭК және СЭС инвестициялық жобаларын іске асыру және халықаралық ынтымақтастық

«Алматы облысында ЖЭК жобасын 810 МВт-ға дейін кеңейту (Power China)» жобасын іске асыру шеңберінде ТЭН әзірлеуге шарт жасалды және қуат беру схемасы келісілді.

6.12 Көміртегі ізін декарбонизациялау және азайту

Көміртекті ұстау және сақтау технологияларына (CCS) талдау жүргізілді; жасыл облигацияларды орналастыруды және көміртегі сертификаттарымен жұмыс істеуді қоса алғанда, «жасыл» қаржыландыру құралдары іске асырылуда.

6.13 Энергия жинақтау жүйелерін қолдану есебінен ЖЭК генерациялау объектілерінен тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету

«Қазақстанда қуаты 400 МВт электр энергиясын жинақтау жүйесі бар немесе қолданыстағы газ турбиналарын пайдалана отырып жел электр станциясын салу», «China Power International Holding Ltd. компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт ЖЭС салу», «Masdar» компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт ЖЭС салу, халықаралық инвесторлармен серіктестікте «Total Eren компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар 1 ГВт ЖЭС салу» жобаларын іске асыру жалғасуда.

6.14. Өндірісті оқшаулау

Жергілікті қамту үлесі төмен тауарларға талдау жүргізілді, импортты алмастыру және елішілік құндылықты арттыру бойынша ұсыныстар қалыптастырылды.

6.15 Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру және комплаенс

Біріктірілген жылдық есеп бекітілді; Директорлар кеңесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді. ESG-практиканы дамыту және ашықтықты арттыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда.

6.16. Климаттық тәуекел-менеджментін енгізу

Физикалық және өтпелі тәуекелдерді қамтитын климаттық тәуекелдердің шоғырландырылған тіркелімі енгізілді, оларды басқару жөніндегі шаралар әзірленді.

6.17. Адам капиталын дамыту

Көшбасшылық және корпоративтік мәдениет бойынша қызметкерлерді оқыту бағдарламалары іске асырылды. Кадрлар тұрақтамаушылығы 10% құрады.

6.18. Әлеуметтік кепілдіктерді, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды қамтамасыз ету

Қызметкерлерді тарту бойынша сауалнамалар жүргізілді (77%-ға дейін). Мүмкіндігі шектеулі 157 адам жұмысқа орналастырылды. Кадрларды даярлау үшін білім беру гранттары іске асырылуда.

6.19. H&S бойынша озық тәжірибелерді қолдану арқылы өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету

Зияткерлік бейнеаналитика жүйесі енгізілді; өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мердігерлік ұйымдардың бақылауы күшейтілді.

6.20. Негізгі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру

GRI-ге сәйкес біріктірілген есеп дайындалды. Кредиторлар мен қаржы институттары үшін ақпараттың уақтылы ашылуы қамтамасыз етілді.

6.21. Жаңа жобаларды іске асыру кезінде суға, биоәртүрлілікке және топыраққа зиянды азайту бойынша заманауи тәжірибелерді ендіру

ГЭС объектілерінде су айдындарына балық жіберуді қоса алғанда, биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар іске асырылды.

7. Есеп саясатының қағидаттары

Қоғамның 2025 жылғы электр энергетикасы және көмір өндіру салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

Қоғамның компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті жасау кезінде шоғырландырудағы бірыңғай тәсіл мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан басқа, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құны бойынша, яғни қайта бағалауды есепке алмай жүргізіледі. Еншілес компаниялар сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде шоғырландырылған баланста үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ, Forum Muider B.V. көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымы алынып тасталды, оларда Қоғам тарапынан меншік үлесі 50%-ды және сәйкесінше 35%-ды құрайды.


Қоғамның шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайда үлесі «үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың пайда/залал үлесі және инвестицияның құнсыздануы» бабында көрініс табады.

8. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	444 960	573 490	752 843
2	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	329 676	371 645	487 420
3	Жалпы пайда	115 284	201 845	265 424
4	Операциялық пайда	92 828	172 987	225 777
5	Амортизация, пайыздар және КТС (ЕВITDA) бойынша аударымдарға дейінгі пайда	159 484	226 241	314 866
6	Салық салуға дейінгі пайда (залал)	63 082	147 524	205 355
7	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	19 352	34 555	47 709
8	Азшылық үлесі шегерілгенге дейінгі жиынтық пайда (залал)	43 730	112 969	157 645
9	Азшылық үлесі	649	461	2 847
10	Топ акционерлеріне тиесілі қорытынды пайда	43 080	112 508	154 798

Ескертпе: Кірістер мен өзіндік құнның талдамасы қызмет түрлері бөлінісінде (сегменттер бойынша емес) және элиминациялау есепке алынбай көрсетілді.

Қоғамның Компаниялар тобы бойынша **өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кірістері 2025 жылы 752 843 млн теңгені құрады:**




Шоғырландырылған түсімнің ұлғаюы көбінесе сату (өткізу) сегменті бойынша электр энергиясын өткізу көлемінің 1 079 млн. кВтсағ (12%) және электр энергиясын өткізу тарифі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы 28,03 теңге/кВтсағ-тан 30,97 теңге/кВтсағ-қа дейін кірістің өсуіне байланысты болды (өсім - 10%).

Электр энергиясын беру бойынша түсімнің ұлғаюы электр энергиясын беру көлемінің 688 млн.кВтсағ (7%) өсуіне және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын беру тарифінің 9,95 теңге/кВтсағаттан 12,83 теңге/кВтсағатқа дейін өсуіне байланысты.

Электр энергиясын өндіру сегменті бойынша түсімнің өсуі 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап ЭӨҰ шекті тарифтерінің ұлғаюына байланысты су электр станцияларын өткізу көлемінің өсуі есебінен, сондай-ақ 2025 жылға жүргізілген сауда-саттық қорытындылары бойынша қуатты өткізу көлемінің ұлғаюы есебінен орын алды.

Сондай-ақ, «Алматы Электр Станциялары» АҚ және «Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО) сату көлемінің өсуі есебінен жылу энергиясын өндіру сегменті бойынша ұлғаю байқалады. Қосымша, «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның жылу энергиясына тарифі 5 195 теңгеден/Гкал-дан 5 539 теңгеге/Гкал-ға дейін ұлғайды.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2025 жылғы кірістің құрылымы



Өндірушілер бойынша бөлгендегі өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс

Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс	444 960	573 490	752 843
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	186 939	198 847	246 631
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы	168 309	247 127	307 166
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	96 660	125 605	139 513
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	67 712	94 009	129 111
«Мойнақ СЭС» АҚ	21 720	25 768	26 196
«Шардара СЭС» АҚ	8 991	8 602	7 137
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС		10 915	12 794
«Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС		16 603	18 429
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	6 170	6 641	7 826
«Бұқтырма СЭС» АҚ	21 837	16 520	93 693
«Energy Solution Center» (ЕЖЭО) ЖШС		4 233	9 512
«Energy Solution center» ЖШС филиалы - ЖҚКО	1 595	1 945	2 643
«Samruk-Green Energy» ЖШС	500	659	814
Топ ішілік айналымдар (алып тастау)	-135 475	-183 986	-248 622

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табыстың негізгі үлесін «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ филиалы - Энергосбыт құрайды. Сонымен қатар, кірістерді шоғырландыру кезінде жалпы сомадан негізінен энергия өндіруші және таратушы компаниялар бойынша топшілік айналымдар алынып тасталады.

Өнім мен қызмет көрсетудің өзіндік құны


Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)
Отын	91 379	107 507	143 961
Еңбекке ақы төлеу және оған байланысты шығыстар	53 766	70 084	95 143
Сатып алынған электр энергиясының құны	56 404	57 128	44 268
Электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер	8 848	2 822	23 320
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы	62 556	58 033	78 029
Жөндеу және ұстау	11 377	12 993	18 958
Электр энергиясын беру қызметтері	16 922	19 828	27 959
Материалдар	2 777	3 373	5 020
Сумен қамтамасыз ету	7 582	10 625	13 000
Желілердегі шығын	2	0	0
Табыс салығынан басқа салықтар	4 633	6 055	7 727
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	4 435	5 054	8 038
Сыртқы ұйымдардың қызметі	3 350	11 985	13 949
Басқа	5 643	6 159	8 047
Барлығы	329 676	371 645	487 420

2025 жылдың қорытындысы бойынша **өзіндік құн** 487 420 млн.теңгені құрады, бұл 2024 жылғы фактіден 31%-ға жоғары. Тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне байланысты ауыспалы өндірістік шығыстардың ұлғаюы (көмір, газ, «KEGOC» АҚ қызметтері және т. б.), теңгерімдеуші электр энергиясы нарығындағы шығыстардың өсуіне (бұдан әрі –ЭЭТН), инфляцияға орай жыл сайынғы индекстеумен байланысты өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге, сондай ақ ЕАТ-ның бекітілген тарифтің ұлғаюына байланысты өндірістік персоналды қайта қарауына, шикізат пен өндірістік материалдардың бағаларын индекстеуге байланысты.

2025 жылы **амортизация** 78 029 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19 996 млн.теңгеге немесе 34%-ға ұлғайды. Негізгі ұлғаю «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС бойынша жөндеу кестесіне сәйкес ағымдағы кеңейтілген жөндеулерге байланысты объектілерді пайдалануға беруге, сондай-ақ түтін құбыры бойынша амортизацияны қайта есептеу есебінен болды.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы

Өзіндік құн құрылымы:




Сатуға арналған шығын, млн. теңге

2025 жылдың қорытындысы бойынша сату шығыстары 2024 жылмен салыстырғанда 2 263 млн.теңгеге (26% - ға) өсті және 11 108 млн. теңгені құрады. Бұл ауытқу тарифтің төмендеуі себебінен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша «KEGOC» АҚ қызметтеріне шығындардың төмендеуінен туындады.



Әкімшілік шығыстар, млн. теңге

2025ж. қорытындысы бойынша әкімшілік шығыстар 28 538 млн. теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 8 525 млн. теңгеге немесе 43%-ға жоғары, негізінен шығыстарды индекстеу, сондай-ақ сот шешімі бойынша «АлЭС» АҚ-қа қатысты («Prime Energy Resources» ЖШС өтініші шеңберінде табыстың 5%) 4,4 млрд.теңге сомаға айыппұл есептеу есебінен.




Қаржылық шығыстар, млн. теңге

2025 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 35 369 млн. теңгені құрады, бұл 2024 жылғы нақты мәннен 4 047 млн. теңгеге жоғары. АлЭС бойынша кассалық алшақтықтарды жабу үшін қарыз қаржыландыруды тарту арқылы, сондай-ақ 2024 жылы сыйақы бойынша шығыстардың бір бөлігі 1-МАЭС №1 энергоблок жобасы шеңберінде 6 241 мың теңге сомасына қаржыландырумен байланысты ұлғайту есебінен болды.



Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес

Көрсеткіш, млн теңге	2023 (нақты)	2024 (нақты)	2025 (нақты)
Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	3 121	-5 856	9 712



Үлестік компаниялардан түскен 2025 жылғы пайда 9 712 млн. теңгені құрады, осыған ұқсас кезеңге қатысты 15 569 млн. теңгені құрады, негізінен Forum Muider B. V. бойынша ішкі және сыртқы нарықтардағы көмір бағасының өсуі нәтижесінде операциялық пайданың ұлғаюы есебінен болып отыр.

9. Қалыптасқан және бөлінген экономикалық құн

Қоғам қызметінің экономикалық тиімділігі қалыптасқан және бөлінген экономикалық құн кестесінде көрсетілген.

Қалыптасқан экономикалық құн Қоғамның кірісін қалыптастырудың негізгі көздерін, атап айтқанда электр энергиясын өндіруден, жеткізуден және сатудан, сондай-ақ көмір сатудан түскен кіріс пен алынған сыйақыны көрсетеді.

Қалыптасқан құн жеткізушілер мен мердігерлер, Қоғам қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтар арасында бөлінеді.

Бөлінген экономикалық құн	
Жеткізушілерге және мердігерлерге төленетін төлемдер	Операциялық шығындар - контрагенттерге материалдарды, өнім компоненттерін, жабдықтар мен қызметтерді, жалдау төлемдерін және т. б. төлеу бойынша ақшалай төлемдер.
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар мен аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызметтер көрсетуге арналған шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа да түрлері
Капиталды жеткізушілерге төленетін төлемдер	Акционерлердің барлық санаттарына дивидендтер және кредиторларға төленетін пайыздар
Мемлекетке төленетін төлемдер	Салық аударымдары
Жергілікті қауымдастықтарға салынатын инвестициялар	Қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдар мен зерттеу мекемелеріне қайырмалдықтар, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға арналған шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру іс-шараларын тікелей қаржыландыру

2025 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құн 1 091 млрд.теңгені құрады және бөлінген экономикалық құн 890 млрд. теңгені құрады, нәтижесінде бөлінбеген экономикалық құн 201 млрд. теңгені құрады.

млн. тенге

Көрсеткіш*	2023	2024	2025
	нақты	нақты	нақты
Құрылған экономикалық құн	616 994	858 823	1 091 437
Сатудан түскен түсім	611 048	849 594	1 068 775
Алынған сыйақылар (пайыздар)	5 946	9 229	22 662
Бөлінген экономикалық құн	512 531	679 952	890 446
Операциялық шығындар	350 498	443 224	574 923
Жалақы және әлеуметтік аударымдар	75 794	95 229	123 336
Капиталды жеткізушілерге төленетін төлемдер	21 753	49 487	77 023
Мемлекетке төленетін төлемдер	64 308	91 665	114 964
Жергілікті қауымдасстықтарға салынған инвестициялар	178	347	201
Бөлінбеген экономикалық құн	104 463	178 871	200 991

* - Бұрын көрсеткіштер есептеу әдісі бойынша есептелді. Ақшалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны алып тастау мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп деректеріне есептелді. Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындардағы иелену үлесін ескере отырып алынды.

10. Компания қызметінің түрлерін мемлекеттік тарифтік реттеу

Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

ЕТҮ атауы	2023 нақты*	2024 нақты**	2025 нақты**
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	8,00	9,18	10,49
электр энергиясына есептелген тариф, теңге/кВтс.	7,59	8,12	9,17
ҚР тарифі	7,59	8,12	9,17
эл. қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	590	1 049	1 165
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	11,46	13,65	16,25
экспортқа арналған тариф, теңге/кВтс.	13,76	-	-
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	10,27	11,76	14,01
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	590	1 020	1 160
«Алматы электр станциялары» АҚ	15,52	20,38	23,13
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	13,79	17,81	20,60
қуатқа арналған орташа мөлшерленген тариф, мың теңге/МВт*айына	809	1 180	1 165
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	590	1 062	1 165
қуатқа арналған жеке тариф, мың теңге/МВт*айына	3 139	2 479	-
«Мойнақ СЭС» АҚ	23,51	21,59	24,35
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	13,65	14,08	15,73
қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	2 564	2 564	2 564

«Шардара СЭС» АҚ	16,33	14,69	16,26
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	11,17	9,84	9,79
куатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	3 868	3 868	3 868
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС	-	5,79	7,01
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	-	3,57	4,49
куатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	-	1 060	1 160
«Шүлбі СЭС АЭС» АҚ	-	8,15	9,93
эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс.	-	4,55	5,69
куатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына	-	1 060	1 160
«Samruk-Green Energy» ЖШС, теңге/кВтс.****	23,54	27,63	32,250
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	43,36	48,47	52,49
«Энергия Семиречья» ЖШС - 25% үлесі	24,65	28,17	30,99

* электр энергиясына тариф 2023 жылғы 1 шілдеге дейін ЖЭК шекті тарифінен және өтпелі үстемеақысынан, сондай-ақ 2023 жылғы 1 шілдеден бастап шекті тариф және ЭЭТН-ге тарифтен орташа өлшенген болып табылады

** электр энергиясының тарифі шекті тарифтен және ЭТН тарифінен тұрады

*** «Samruk-Green Energy» ЖШС электр энергиясының тарифі төрт ЖЭК станциясының орташа өлшенген тарифі болып табылады

ҚР Энергетика министрінің 23.10.2023 №376 бұйрығымен электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметке шекті тарифтер айына 1065 мың теңге/МВт*, 2025 жылы – айына 1170 мың теңге/МВт* деңгейінде белгіленді (ҚР Энергетика министрінің м. а. 2024 жылғы 19 қарашадағы №407 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы №147 бұйрығымен бекітілген электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидаларының 8 және 11-тармақтарына сәйкес ЭПО шекті тарифтерінің бұрын белгіленген жеті жылдық қолданылу кезеңінің аяқталуына байланысты 2025 жылғы 1 қыркүйекте кезекті жеті жылдық кезеңге электр энергиясына шекті тарифті бекітуге жаңа өтінім берілді.

Сонымен қатар, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы тапсырманы ескере отырып және бағаны көтеруге енгізілген мораторий жағдайында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жаңа шекті тарифтерді бекіту туралы мәселені қарауды 2026 жылдың I тоқсанына ауыстырды.

Осылайша, 2025 жыл ішінде ЭӨҰ үшін электр энергиясына мынадай шекті тарифтер (теңге/кВтсағ) қолданылды: (теңге/кВтс):

ЭӨҰ атауы	01.01.2024-31.01.2025ж. бекітілген тариф	01.02.2025ж. бастап 31.01.2025ж. бекітілген тариф	Ауытқу, %
1	2	3	4=3/2
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	8,27	9,5	15%
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	13,17	15,67	19%
«Алматы электр станциясы» АҚ	17,82	20,93	17%

«Шүлбі СЭС АЭС» ЖШС»	4,14	5,04	22%
«Өскемен СЭС АЭС» ЖШС	3,44	4,29	25%
«Шардара СЭС» АҚ	9,82	9,82	0%
«Мойнақ СЭС» АҚ	12,77	12,77	0%

2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС станциялары үшін инвестициялық тарифтерді бекіту бойынша жұмыс жүргізуде.

Жасалған инвестициялық келісімдердің параметрлері, мың теңге /МВт*ай.

ЭӨҰ атауы	Көлемі	Жеке тариф (ҚҚС-сыз)	Кезең
«Мойнақ СЭС» АҚ	298 МВт	2 563,67	2020–2026 жж.
«Шардара СЭС» АҚ	61 МВт	3 867, 99	2020–2028 жж.
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	476,6 МВт	1 199,00	2025–2031 жж.

2024 жылғы 12 қыркүйекте «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен қуатқа орташа тарифті 2028 жылдың 4 тоқсанынан 2038 жылдың 3 тоқсанына дейінгі аралықтағы 10 жыл мерзімге 495 МВт. қызмет көрсету көлемі бойынша 29 037 мың теңге/МВт·ай мөлшерінде белгілей отырып, №3 энергия блогының жобасы бойынша жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және жаңартуға инвестициялық келісім жасасты.

2024 жылғы 31 желтоқсанда «Алматы электр станциялары» АҚ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен ЖЭО-2 жобасы бойынша отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы 2027 жылдан 2038 жылға дейінгі аралықтағы 12 жыл мерзімге 535 МВт көлеміндегі қызмет көрсетуге 11 012 мың теңге мөлшерінде қуатқа орташа тариф белгілей отырып жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге инвестициялық келісім жасасты.

2025-2026 жылдар ішінде «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-ның №4 энергоблогы мен «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-ның №3 энергоблогы құрылысының жобаларын іске асыру үшін Нарық кеңесіне қарау және мақұлдау мақсатында материалдар жібере отырып, жеке тарифтерді белгілеуге өтінімдер берілді.

Жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтер

Атауы	тенге/Гкал.		
	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты

«Алматы электр станциялары» АҚ	4 215	5 195	5 539
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	874	902	925
«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	189	183	195
«Energy Solutions Center» ЖШС (Екібастұз ЖЭО)	-	6 018	6 778

Табиғи монополия субъектісі үшін заңнама жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін, оларға инвестициялық құрамдас бөлікті қосумен және шығындарды жыл сайын индекстеумен бекітуді көздейді. Шекті тарифтерді Комитет бекітеді. Алайда, тарифтерді ұлғайту СЕМ бастамасы бойынша жылына бір реттен жиі жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станция шығындарының өсуі жағдайында тарифтерді ұлғайтусыз сақтау тәуекелі бар.

Жылу энергиясына бағаның әлеуметтік маңыздылығына байланысты Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті жылу энергиясына тарифтің өсуін тежеу жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады, бұл жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтің шығынына әкеледі.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның жылу энергиясына тарифі 5394,18 теңге/Гкал құрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – ТМРКД) департаментімен жұмыс нәтижесінде стратегиялық тауарларға (көмір, мазут) бағаның өсуін және орташа айлық жалақының өсуін ескере отырып, жылу энергиясына жаңа тарифтер бекітілді:

- 01.01.2025 ж. бастап - 5 394,18 теңге/Гкал. 2024 жылғы тарифке қарағанда – 0,3% төмендеу «АлЭС» АҚ Алматы 2-ЖЭО нысанын қайта жаңарту және кеңейту» инвестициялық жобасын іске асыру үшін тартылған қарыз бойынша негізгі борыш пен сыйақыны өтеу жөніндегі Банк алдындағы міндеттемелердің аяқталуымен байланысты болды. III кезек. №8 қазандық агрегаты (амортизациялық аударымдар мен қаржыландыру шығыстарын азайту);

- 01.09.2025 ж. бастап - 5 241,05 теңге/Гкал, 01.01.2025 ж. бастап тарифтің 2,84% -ға төмендеуі 2024ж. қуат көлемінің ұлғаюымен байланысты болды, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітілген тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту туралы өтінімге бастамашылық жасалды;

- 05.09.2025 ж. бастап - 5 740,81 теңге/Гкал, 01.09.2025ж. бастап тарифтің 9,5% өсімі байқалды (2025 жылы орташа жылдық тариф 5 529,07 теңге/Гкал құрады);

- 01.01.2026 ж. бастап - 6 095,31 теңге/Гкал, тарифтің өсімі 05.09.2025ж. бастап-6,2%. 2026 жылы «Алматы Электр Станциялары» АҚ және Қоғам жылу бойынша залалсыз қызметті қамтамасыз ету бойынша ТМРД-мен одан әрі жұмыс жоспарлауда.

Электр энергиясын жеткізу қызметіне арналған тарифтер

Атауы	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	7,68	9,95	12,83

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 126-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 154-НҚ «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтер мен тарифтік сметаның шекті деңгейлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізілді.

2025 жылға қатысты өзгерістер «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы 22-бабының 1-тармағына сәйкес мынадай негіздер бойынша енгізілді:

- мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту;

– «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ тарапынан реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту.

Енгізілген өзгерістер ескеріле отырып 2025 жылға арналған реттеліп көрсетілетін қызметтерге «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ тарифтерінің шекті деңгейлері бекітілді:

- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10,6 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 сәуірден бастап - 12,96 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 тамыздан бастап – 14,25 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).

Сонымен қатар, 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерін қарау нәтижесінде уәкілетті орган тарифтік сметаның жекелеген шығын баптарының 5%-дан астамының орындалмауына, сондай-ақ инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалмауына байланысты уақытша өтемдік тариф енгізді.

Тиісті шешім Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша ТМРҚД 2025 жылғы 11 тамыздағы № 72-ОД және Алматы облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 13 тамыздағы № 132-НҚ бірлескен бұйрықтарымен бекітілді. Аталған тариф электр энергиясын беру жөніндегі реттелетін қызметке 2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ҚҚС-сыз 13,99 теңге/кВт·сағ мөлшерінде енгізілді. Нәтижесінде тариф 0,26 теңге/кВт·сағ-қа немесе 2%-ға төмендетілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын беру қызметтері үшін орташа тариф ҚҚС-сыз 12,83 теңге/кВт·сағ құрады.

ЭЖҰ-ның электр энергиясын сатуға арналған тарифтері

Атауы	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы	23,64	28,03	30,97

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап энергиямен жабдықтаушы ұйым ретінде өз қызметін тоқтатып, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өңірлік энергия беруші компаниясына қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды.

Бұрын Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитеттерінің департаменттері тарапынан келісілген тарифтер «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ - Энергосбыт филиалы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ үшін ауыспалы болып табылады және 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданыста болады.

2025 жылы Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу тарифі атаулы қолдау тізіміне сәйкес 13,00 теңге/кВт·сағ деңгейінде сақталды.

2025 жылдың қаңтарынан шілде айына дейін Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушылары үшін 2024 жылғы 15 қазаннан бастап енгізілген электр энергиясына шекті баға 29,04 теңге/кВт·сағ мөлшерінде қолданылды.

2025 жылғы 26 маусымда ТМРҚД «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның «Энергосбыт» филиалы үшін 31,85 теңге/кВт·сағ мөлшерінде шекті бағаны бекітті, ол 2025 жылғы 15 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді. Осылайша өсім 9,7%-ды құрады.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 25 қыркүйекте ТМРҚД «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның «Энергосбыт» филиалы үшін 34,31 теңге/кВт·сағ мөлшерінде шекті бағаны бекітті, ол 2025 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді, бұл шамамен 7,7% өсімді құрады.

Бұл ретте, инфляцияның жеделдеуіне жол бермеу мақсатында 2025 жылдың қорытындысы бойынша ТМРҚД халық үшін тарифтерді 12%-ға төмендету жағын қайта қарады, ол 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді.

Көмірді сату бағасы

Атауы	Орташа өлшемді бағасы, теңге/тонна			
	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты
«Богатырь Көмір» ЖШС	2 669	3 084	3 215	4 326

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірін сату бағасы тұтынушылардың 3 тобы үшін ҚР тұтынушылары үшін дербес прејскурантпен бекітіледі (ҚТЖ жанасу станциясындағы энергетика, көмір жинау станциясындағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер).

11. Стратегиялық ҚНҚ-ні орындау

№	Атауы	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты
1	Таза табыс, млн. теңге	43 080	112 508	154 798
2	Қарыз/ЕБИТДА (арасалмағы)	1,71	1,66	1,86
3	ROACE, %	6,45	12,13****	13,06****
4	Таза активтердің құны (NAV), млн.теңге	485 969	581 211****	738 549****
5	ROI, коэф	-	-	-
6	FCF*, млрд. теңге	37,0	93,3	44,3
7	ESG-рейтинг*, балл	24,1	52	57
8	Таза көміртегі ізін азайту *, %	-3,3%	-1%**	-1%**
	Э/э барлық өндірісіне қатысты CO2-экв (базалық 2021 жылға қатысты) үлестік шығарындыларының төмендеуі	-	-	≥20%*****
9	Тауарларды сатып алудағы елішілік құндылық үлесі *, %	66%	73	82
10	Жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық үлесі *, %	92%	90	92
11	Көшбасшылық мінез-құлық қауіпсіздік аудиті*	7 186	7 673	9 020
	Салалық НҚК			
12	ҚР-дағы электр энергиясы нарығының үлесі	31,31%	33,73%	32,85%
13	LTIFR	0,36	0,99	0,23
	Негізгі ұлттық индикаторлар			
14	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	47 855***	56 234	70 187
15	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	132	230	439
16	Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру көлемі, мың кВт/сағ	554 379	577 875	552 992
17	«Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны, млрд.АҚШ долл.»	0,014	0,129	0,198

* НҚК 2023ж. бастап енгізілді.

** Жоспарға тең бағалау мәні көрсетілген. Нақты мәні парниктік газдарды түгіндеу бойынша верификацияланған есептерді алғаннан кейін есептеледі (ҚР ЭК-ге сәйкес алдыңғы күнтізбелік жылдың 1 сәуіріне дейін).

*** «Еңбек өнімділігі» НҚК-ні салыстыру мақсатында 2023 жылдың фактісі Қоғамның 2024-2028 жылдарға арналған даму жоспарында ескерілген жаңа әдістемеге сәйкес есептелді

**** 2024 жылғы аудит қорытындылары бойынша 2023 жылғы ретроспективті қайта есептелген меншікті капиталды ескере отырып

***** НҚК деректері 2025 жылдан бастап енгізілді.

Тұтастай алғанда, Қоғамның стратегиялық көрсеткіштері 2022-2025 жылдар аралығында жақсару үрдісіне ие. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттарды өткізу көлемін ұлғайту, ЕТҰ тарифтерін ұлғайту, қуатқа жеке тарифтер алу, технологиялық қажеттіліктерге отын мен судың үлестік шығыстарын қысқарту, ТЭР-энергия үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ борыштық жүктемені азайту болып табылады.

12. Күрделі шығындарға игеру әдісі бойынша жасалған талдау

млн. теңге

№	ЕТҰ	2023ж.	2024ж.	2025ж.
		нақты	нақты	нақты
	БАРЛЫҒЫ	132 146	229 787	438 731
1	Инвестициялық жобалар, оның ішінде	80 393	136 375	264 540
2	Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру	49 555	89 715	166 519
3	Әкімшілік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру	2 198	2 967	7 159
4	Өзге	-	731	513

2023 жылы іске асырылған жобалар

«Көкөзек» ҚС» жобасы

АТҚ-110кВ «Көкөзек» ҚС жабдықтарын монтаждау аяқталды, ӘЖ-110кВ 102 тірегі орнатылды. 2023 жылғы 9 қазанда «Көкөзек» өндіріске қосылды.

«Богатырь» қимасында көмір өндірудің авто-конвейерлік циклдық-ағындық технологиясына көшу» жобасы.

2023 жылдың 3-тоқсанында кешеннің іске қосу-реттеу жұмыстары орындалды. 2023 жылғы 19 желтоқсандағы объектіні пайдалануға қабылдау актісін Екібастұз қаласының «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ Павлодар облысы бойынша филиалының тіркеу және жер кадастры жөніндегі бөлімі 2023 жылғы 22 желтоқсанда тіркеді.

2024 жылы іске асырылған жобалар

Екібастұз 1-МАЭС-те «Жаңа электр сүзгілерін орнату арқылы №1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасы.

2024 жылғы 23 желтоқсанда №1 энергия блогын пайдалануға беру актісіне қол қойылды.

2025 жылы іске асырылатын жобалар

2025 жылы инвестициялық жобаларды аяқтау жоспарланбаған.

13. Өтімділік және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Сыртқы кредиторлардың ковенанттарының орындалуы:

Ковенант	Норматив	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты	Ескертпе
Қарыз/ЕВИТДА (ЕҚДБ, ҚХБ)	3,5-тен аспайтын	2,14	1,74	1,62	1,92	Сақталады
ЕВИТДА/Пайыздар (ЕҚДБ)	кемінде 2,2	5,92	10,8	12,23	14,44	Сақталады
Қарыз/Меншікті капитал (ҚДБ)	2,0-ден аспайтын	0,50	0,43	0,49	0,62	Сақталады

Атауы	2020 нақты	2021 нақты	2022 нақты	2023 нақты	2024 нақты	2025 нақты
Қарыз/ЕВІТДА	2,96	2,41	1,90	1,71	1,66	1,86
Қарыз/Меншікті капитал	0,54	0,59	0,50	0,43	0,49	0,62
Ағымдағы өтімділік	0,75	0,53	0,57	1,04	1	1,45

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам кредиторлардың жарты жылдық есепте көрсетілген қаржылық және қаржылық емес ковенанттарын сақтады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам Акционер ұсынған қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізді.

Борыштық жүктеменің өсуі

2025 жылғы 12 айының қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қарыз деңгейі 686,04 млрд теңгені құрады, жоспарланған 601,50 млрд теңгеден 84,54 млрд теңгеге ауытқу байқалды. Төмендеудің негізгі себептері: Алматы электр станцияларының (АлЭС) 2-ЖЭО және 3-ЖЭО жобалары бойынша газдандыру жобалары мерзімдерінің кейінге шегерілуіне байланысты қаражатты игеру мерзімдерінің ауыстырылуы.

Қаржылық тұрақтылықты одан әрі қамтамасыз ету шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша қаржыландыру тартуды тұрақты негізде мониторингтен өткізеді және қаржылық ковенанттардың сақталуын қамтамасыз ететін деңгейде кредиттік портфельді ұстап тұру, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықтың жоспарлы көрсеткіштерін бақылау және қарыз алу шарттарының кредиттік рейтинг деңгейіне әсерін талдау бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, алдағы кезеңдерде елдегі генерация тұрақтылығын қамтамасыз етуге және Алматы өңірін газдандыруға бағытталған басым жобаларды іске асыру мақсатында шоғырландырылған қарыз деңгейінің ұлғаюы күтіледі.

Кредиттік рейтинг (Fitch Ratings)

2025 жылғы 30 қыркүйекте Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қоғамның шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB+» деңгейінде растады, болжам - «Тұрақты».

14. Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Операциялық орта

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Украинаға әскери операция бастады. Осы басқыншылыққа жауап ретінде АҚШ, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде Ресей банктеріне Swift жүйесін пайдалануға тыйым салынды. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Ресей сонымен қатар Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы мұнайдың 80%-ына дейін экспортқа тасымалданатын негізгі сауда транзиті болып табылады.

2025 жылғы шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі тұрақты болжаммен «BBB» деңгейінде Қазақстанның шетел валютасындағы эмитент дефолтының (РДЭ) ұзақ мерзімді рейтингін растады. Fitch агенттігінің деректері

бойынша Қазақстанның шетел валютасындағы эмитент дефолты рейтингі («ВВВ») таза шетелдік активтердің және қаржылық икемділікті қамтамасыз ететін валюта резервтерінің едәуір көлемімен, сондай-ақ мемлекеттік борыштың төмен деңгейімен қолдау табады. Рейтингті шектейтін факторлар ретінде шикізат экспортына жоғары тәуелділік және «ВВВ» рейтингілік санатындағы салыстырмалы елдермен салыстырғанда макроэкономикалық саясаттың әлсіздігі аталады, бұл Дүниежүзілік банктің мемлекеттік басқару сапасының индикаторлары бойынша төмен бағалау көрсеткіштерінде ішінара көрініс тапқан.

Жылдық инфляция деңгейі 2025 жылғы желтоқсанда 12,3%-ды құрады, бұл 2024 жылғы желтоқсандағы 8,6% салыстырғанда жоғары. 2025 жылы экономиканың өсуі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,5%-ға артты. Осы есептің жасалған күніне Қазақстан қор биржасының ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 499,11 теңгені құрады, бұл 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 502,57 теңгемен (2024 жылғы 31 желтоқсан: 523,54 теңге) салыстырғанда төмен.

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы электр энергетикасы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Теңгенің айырбас бағамы мен шикізат тауарларының бағасына қатысты тұрақсыздық сақталып отыр.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы электр энергетикасы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары едәуір дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни топтың бақылау аясынан тыс жағдайларға байланысты болады.

Экономикалық орта Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Топ басшылығы экономикалық және саяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылайды және жақын болашақта топтың тұрақтылығы мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін топ макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса, расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Алайда, кез-келген экономикалық болжамдар сияқты, болжамдар мен оларды жүзеге асыру ықтималдығы сөзсіз белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты, сондықтан нақты нәтижелер болжанған шамадан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

Салық заңнамасы

Қазақстанның салық салу заңнамасы және тәжірибесі үздіксіз даму жағдайында, сондықтан түрліше түсіндірілуі және олар кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге тап болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын анықтау мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұнда Қазақстанның салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін

түсіндіруі басшылықтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданған есепке алу саясаттарынан, пайымдауларынан және бағалауларынан өзгеше болуы мүмкін, бұл Компанияның қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеріс жүргізуі мүмкін.

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және Топтың салықтық ұстанымы негізделген деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топтар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтерден асатын ағымдағы және ықтимал салық тәуекелдері бойынша елеулі залалдарға ұшырамайды.

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасатын деңгейлес мониторингті енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты.

Total Eren компаниясымен жел электр станциясын салу жобасы

2023 жылғы 1 қарашада Total Eren (бұдан әрі – «Әзірлеуші», Самұрық-Қазына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – «Тең әзірлеушілер») арасында Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы бойынша Total Eren-мен энергияны жинақтау жүйесі бар бірлескен кәсіпорын туралы (бұдан әрі – «Жоба») келісім жасалды.

2024 жылғы 19 желтоқсанда топ, Самұрық-Қазына, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «KMG GREEN ENERGY» ЖШС арасындағы бірлескен кәсіпорын туралы келісім бойынша құқықтарды, міндеттер мен міндеттемелерді жаңарту туралы келісімге қол қойылды. Осы Келісімге сәйкес Самұрық-Қазына Топқа жаңашылдық әдісі арқылы жол береді және бірлескен кәсіпорын туралы келісім бойынша өзінің барлық құқықтарын, міндеттемелері мен міндеттерін береді.

2025 жылғы 30 маусымда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ, Qazaq Green Power PLC (бұдан әрі – QGP), «KMG Green Energy» ЖШС және Total Eren S.A. арасындағы новация туралы келісім жобасы, сондай-ақ Жобаны QGP PLC-ге беру келісілді.

2025 жылғы 15 шілдеде TotalEnergies компаниясы электрондық пошта арқылы тараптарды Total Eren S.A. компаниясының тарату рәсімін жүргізусіз таратылғаны туралы хабардар етті, осыған байланысты оның құқықтық қабілеттілігі тоқтатылды. Total Eren S.A.-ның барлық құқықтары, активтері мен міндеттемелері әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S. компаниясына берілді.

2025 жылғы 27 қарашада Тараптар жоба бойынша бірлескен кәсіпорын туралы келісімге қосымша келісімге (түзетуге) қол қойды.

«Самұрық-Қазына» АҚ, QGP және TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S., арасында жасалған 2025 жылғы 26 желтоқсандағы кепілдік шарты шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ осы жоба бойынша QGP төлемдер мен басқа да қаржылық міндеттемелерді қоса алғанда, өз міндеттемелерін уақтылы орындауына кепілдік береді.

Сонымен бірге «Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына Жобаны іске асыру шеңберінде туындаған барлық және кез келген шығыстарды өтеу бойынша корпоративтік кепілдік берді.

Көрсетілген келісім талаптарына сәйкес Компания Директорлар кеңесі мен Акционерлердің тиісті мақұлдауларын алған жағдайда жобалау компаниясындағы қатысу үлесін сатып алуға не оның 20% үлесіне қол қоюға міндеттенеді. Үлесті сатып алу бағасы әрбір бірлесіп әзірлеушінің сатып алынатын үлесінің мөлшеріне байланысты пропорционалды түзетуді ескере отырып, мәміле аяқталғанға дейін жобаны әзірлеу барысында әзірлеуші шеккен және бірлесіп әзірлеушілер мақұлдаған нақты шығындардан аспауға тиіс.

Есептік күнге жобалау компаниясының 100% үлесі TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S. компаниясына тиесілі.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамаға қатаң талаптар қойылып, және қазақстандық мемлекеттік органдардың оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысты ұстанымын қайта қарау жалғасуда.

2021 жылы Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа экологиялық кодекс күшіне енді. Қоршаған ортаны ластағаны үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың жауапкершілігін арттырумен қатар, экологиялық кодекс қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді де қарастырады және қызмет салдарын жою бойынша талаптарды белгілейді.

Осы Кодекстің ережелері 2025 жылдан бастап қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі I санаттағы елу объект (бұдан әрі – «Топ – 50») үшін кешенді экологиялық рұқсаттарды (бұдан әрі – «КЭР») алуды міндеттейді, оның негізі өндірісте Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті беретін техник озық қолжетімді техниканы (бұдан әрі – «ОҚТ») қолдануға байланысты ең үздік қолжетімді техниканы енгізу болып табылады.

ТОП-50 тізіміне Қоғамның төрт объектісі «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС, «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ, «Алматы Электр Станциялары» АҚ (2-ЖЭО, 3-ЖЭО) кірді.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін (бұдан әрі – ЭӨҰ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы қаулысымен бекітілген «Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отын жағу» (бұдан әрі – «ЭӨҚОЖ») ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалық әзірленді. Кешенді экологиялық рұқсат алу үшін негіз Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 11 наурыздағы қаулысымен бекітілген ЭӨҚОЖ-ға қорытынды болып табылады.

Қазіргі уақытта Топ басшылығы ОҚТ-ны енгізудің болашақ операциялық және күрделі шығындардың құнына әсерін бағалайды, өйткені шекті тариф арқылы ОҚТ-ны енгізуге инвестицияларды қайтару электр энергиясына шекті тарифтердің қайшылығына әкеледі.

Сонымен қатар, «2021 жылғы 1 қаңтарға қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша аса ірі I санаттағы елу объектінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 1131 қаулысына 2025 жылдан бастап 2031 жылға дейін ЭӨҰ үшін ОҚТ-ны енгізу

мерзімдерін ауыстыру бөлігіне өзгерістер енгізілді, бұл 2031 жылдан бастап ЭӨҮ-ға ОҚТ-ны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыруды бастау шарттарын жасайды.

Осыған байланысты топ (1-МАЭС1, 2-МАЭС, АлЭС және ЕЖЭО) ең үздік қолжетімді техникаларға кезең-кезеңімен көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу бойынша жұмыс жасады. Ең үздік қолжетімді техниканы енгізу жөніндегі жол карталары ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен келісіліп, 2025 жылғы мамырда ҚР Энергетика министрлігі тарапынан бекітілді.

Топтың белгілі бір кәсіпорындарына қолданылатын Экологиялық кодекстің басқа ережелеріне шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін орнату және қалдықтарды басқару әдістері кіреді. Толық бағалау жүргізілгенге дейін Қазақстанның жаңа экологиялық кодексінің жаңа талаптарының қаржылық салдарын бағалау мүмкін емес, бірақ қалдықтарды басқару және тиісті мониторинг процестерін әзірлеу үшін қажетті қосымша инвестициялар түрінде немесе қалдықтарды өндіру үшін төлемді арттыру түрінде экологиялық талаптарды сақтау құнының өсуі күтілуде.

Жоғарыда аталған қаржылық қамтамасыз етудің бірнеше түрінен немесе олардың жиынтығында I санаттағы объект операторының таңдауы бойынша банктік салым кепілі түріндегі қаржылық қамтамасыз етудің үлесі мыналарды құрауы тиіс:

1) объект пайдалануға берілген күннен бастап он жыл өткен соң (2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 2036 жылға дейін) - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының кемінде елу пайызы;

2) объект пайдалануға берілген күннен бастап жиырма жыл өткен соң (2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 2046 жылға дейін) - қаржылық қамтамасыз етудің жалпы сомасының жүз пайызы.

I санаттағы объектінің операторы осындай объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі өзінің барлық міндеттемелері толық орындалғанға дейін қаржылық қамтамасыз етудің болуын үздіксіз қамтамасыз етуге міндетті.

Қаржылық қамтамасыз ету мөлшері I санаттағы объектіні пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстардың есептік құнын негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалады және әрбір жеті жыл сайын қайта есептелуге жатады.

1-санаттағы объектілердің салдарын жою үшін қаржылық қамтамасыз етуді беру мерзімін ауыстыруды ескере отырып, топ қаржылық қамтамасыз етудің ықтимал нұсқаларын талдау және қаржылық қамтамасыз етуге қатысты нормативтік талаптардың өзгеруіне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты жалғастырады.

Топ қоршаған ортаны қорғауға байланысты міндеттемелерге кем дегенде жыл сайынғы негізде мерзімді бағалау жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай олар дереу қаржылық есептілікте көрсетіледі. Қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік актілердің өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ сот практикасы нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал міндеттемелерді жеткілікті сенімділікпен бағалау мүмкін емес, бірақ олар айтарлықтай болуы мүмкін. Топ басшылығы қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасының сақталуын бақылаудың қолданыстағы жүйесі жағдайында осы қаржылық есептілікте танылғандарды немесе

ашылғандарды қоспағанда, қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты туындайтын елеулі міндеттемелер жоқ деп есептейді.

Экологиялық міндеттемелер және шартты міндеттемелер (көміртегі квоталары)

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес Топ 2022–2025 жылдарға арналған парниктік газдар шығарындыларына көміртек квоталарын бөлу жөніндегі Ұлттық жоспар шеңберінде реттеуге жатады және нақты жүзеге асырылған шығарындылар көлемінде көміртегі квоталарын өтеу бойынша заңды міндеттемелерді көтереді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 2 328 645 мың теңге мөлшеріндегі көміртегі квоталарын сатып алу бойынша міндеттемені таныды.

Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуіріне дейін жүргізіледі. 2024 жыл қорытындысы бойынша түгендеу нәтижесінде Топтың жекелеген генерациялаушы активтерінде (1-ЕМАЭС және 2-ЕМАЭС) электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты көміртек квоталарының тапшылығы анықталды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 295-бабына сәйкес, Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде квоталанатын қондырғылардың қуаты ұлғайған жағдайда квота субъектісі Ұлттық жоспар резервінен қосымша көміртек квотасын алуға құқылы. Қуаттың ұлғаюы деп өнімнің жылдық өндіріс көлемінің артуы түсініледі.

Заңнамада белгіленген тәртіппен Топ 2024 жылға қосымша көміртек квотасын алу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өтінімдер жолдады. Аталған өтінімдерді қарау заңнамада көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады және 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін аяқталуға тиіс. 2025 жылғы 1 қазанда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті қосымша көміртек квотасын беруді келісті.

Қазіргі уақытта 2025 жылға арналған парниктік газдар шығарындыларының түгендеуі жүргізілуде. Күтілетін деректер бойынша Топ 2026 жылғы 1 қазанға дейін 1-ЕМАЭС үшін Ұлттық жоспар резервінен қосымша көміртегі квотасын алу ықтималдығын бағалауда. Қосымша көміртегі квотасы алынбаған жағдайда Топ көміртек нарығында көміртегі бірліктерін сатып алуға міндетті болады.

Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері - климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығын қолдайды және парниктік газ шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың басты компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10% қысқарту болып табылады және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды - азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

а) Топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергия блоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы 2-ЖЭО және 3-ЖЭО-да жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады; және

б) Топ Экологиялық кодекске сәйкес жуықта енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық залалды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалады және мойындады (17-ескертпе).

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады.

Сақтандыру

Құрылыс-монтаждау тәуекелдерін және жобалық жүктерді, сондай-ақ пайдалануға беру (іске қосу) мерзімінің кешігуін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қамтитын ерікті сақтандыру шарты шеңберінде 2024 жылы жалпы сомасы 10 388 767 мың теңге және 2025 жылы 9 895 688 мың теңге мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысы төленді. Аталған сақтандыру шығындары міндетті болып табылады, өйткені олар инвестор-банктердің талаптарына сәйкес көзделген және болдырмауға болмайтын жобалық шығындардың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС), атап айтқанда IAS 23 «Қарыздар бойынша шығындар» және IAS 16 «Негізгі құралдар» стандарттарына сәйкес, 10 388 767 мың теңге және 9 895 688 мың теңге мөлшеріндегі сақтандыру сыйлықақылары тиісінше Алматы 2-ЖЭО-ны жаңғырту және Алматы 3-ЖЭО-ны реконструкциялау жобаларының құнына капиталдандырылып енгізілді.

Сақтандыру сыйлықақысын капиталдандыру оның активті пайдалануға дайын күйге жеткізумен тікелей байланысты болуына, сондай-ақ жобаның болашақ экономикалық тиімділігіне әсер етуі мүмкін қаржылық шығындардан қорғауды қамтамасыз етуіне негізделген.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Топ барлық кредиттік келісім талаптарына сәйкес қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Шарт талаптарының орындалмауы банкке кредиттер мен қарыздарды дереу қайтаруды талап ету құқығын береді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнмен аяқталған он екі ай ішінде Топта алынған қарыздар шарттары бойынша ковенанттардың бұзылуы болған жоқ. Топ болашақта қаржылық ковенанттардың бұзылуына әкелуі мүмкін қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын күтпейді.

Сот процестері

Әдеттегі қызмет барысында Топ сот процестері мен талап-арыздарға қатыстырылуы мүмкін. Қазіргі уақытта Топ басшылығы аталған сот процестері мен талап-арыздардың нәтижесінде туындайтын түпкілікті міндеттемелер Топтың болашақтағы қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер етпейді деп санайды.

Күрделі сипаттағы міндеттемелері

Топ өздерінің маусымдық және басқа да туындайтын бизнес тәуекелдеріне қатыстылық себептерін талдады, бірақ 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық көрсеткіштеріне немесе жағдайына әсер етуі мүмкін тәуекелдер анықталмады. Топ күрделі сипаттағы міндеттемелерді орындау және айналым капиталын қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат пен қаржыландыру көздеріне ие.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың ҚҚС-ны қоспағанда, жалпы сомасы 243 804 281 мың теңгеге негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері болды (2024 жылғы 31 желтоқсанда: ҚҚС-ны қоспағанда, 481 295 663 мың теңге).

Операциялық жалдау

Төмендегі кестеде Бұқтырма СЭС мүліктік кешенінің операциялық жалдау шарты бойынша алуға болашақ ең төменгі жалдау төлемдері көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2025 ж.	31 желтоқсан 2024 ж.
1 жыл	24 164 334	25 025 212
2 жыл	24 164 334	25 025 212
3 жыл	24 164 334	25 025 212
4 жыл	–	25 025 212
31 желтоқсанда жалға алуға операциялық жалдау бойынша дисконтталмаған төлемдер жиыны	72 493 002	100 100 848

Бірлескен кәсіпорынның шартты міндеттемелері – «Богатырь Көмір» ЖШС салық мәселелері

Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (МКД) «Богатырь Көмір» ЖШС-не, Топтың бірлескен кәсіпорнына қатысты екі салықтық тексеру жүргізді, олардың нәтижелері бойынша МКД бейрезиденттің кірістері бойынша төлем көзінен тиісінше 1 155 837 мың теңге сомасында КТС қосымша есептеу және 6 134 784 мың теңге сомасында салықтарды қосымша есептеу туралы хабарлама жіберді. Қазіргі уақытта бірінші тексеру бойынша дау серіктестіктің пайдасына бұрын шығарылған сот шешімі жойылғаннан кейін берілген «Богатырь Көмір» ЖШС кассациялық шағымы шеңберінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасында қаралуда. Бұдан басқа, 2025 жылғы 24 маусымда «Богатырь-Көмір» ЖШС Павлодар облысы бойынша СМАС-

қа екінші тексеру бойынша салықтарды қосымша есептеуге дау айту туралы әкімшілік талап-арыз жіберді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі сипаттағы міндеттемелері

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың 2-ЕМАЭС-ке және ҚЖЭО ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелеріндегі үлесі тиісінше 539 314 781 мың теңгені және 386 841 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 644 132 840 мың теңге және нөл).

15. Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

Бенчмаркинг – «Самұрық-Энерго» АҚ-ны басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді салыстыру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:

- EBITDA margin (EBITDA маржасы);
- Қарыз/EBITDA
- қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті (Қарыз/Меншікті капитал)
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC);


Бенчмаркинг үшін төмендегідей ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- ПАО «Интер РАО» (Ресей);
- CEZ Group (Чехия);
- RWE (Германия).


Бенчмаркинг нәтижелері:

Критерий	Өлшем	Мәртебесі	Min-----Бенчмаркинг-----Max
EBITDA margin	%	●	<p>Интер РАО (13) RWE (29) CEZ (41) C3 (42)</p>
ROIC	%	●	<p>RWE (4) Интер РАО (12) C3 (13) CEZ (16)</p>
Қарыз/EBITDA	коэффициент	●	<p>Интер РАО (0,02) C3 (1,86) CEZ (1,82) RWE (3,87)</p>
Қарыз/МК	коэффициент	●	<p>Интер РАО (0,004) RWE (0,47) C3 (0,62) CEZ (1,00)</p>

Return on Invested capital (ROIC) 2025 жылы бойынша



EBITDA margin 2025 жылы бойынша



Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, Самұрық-Энергоның кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері аздау.

EBITDA margin көрсеткіші компанияның пайыздық, салықтық, амортизациялық және амортизацияға дейінгі пайда табу қабілетін көрсететін операциялардың тиімділігінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Интер PAO, RWE, CEZ Group сияқты басқа компаниялармен салыстырғанда Қоғам EBITDA маржа коэффициентімен операциялардың тиімділігінің жоғары деңгейін 42% деңгейінде көрсетеді.

Қарыз/EBITDA және **қарыз/СК** көрсеткіштері бойынша Қоғам CEZ Group және RWE-мен салыстырғанда орташа деңгейде тұр, бірақ қаржылық тұрақтылық тұрғысынан Интер PAO-дан айтарлықтай артта қалып келеді.

ROIC (ұзақ мерзімді инвестицияланған капиталдың кірістілігі) көрсеткіші бойынша Қоғам Cez Group және Интер PAO-дан төмен, бұл ретте RWE компаниясынан жоғары.

Бұл ретте, ұқсас жария компаниялардан айырмашылығы, Қоғам ҚР Үкіметіне тиесілі екенін, осыған байланысты Қоғам электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуші болып табылатынын атап өткен жөн. Осыған

байланысты, сондай-ақ энергетика секторының тозу дәрежесі жоғары болғандықтан, 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар (ҚР энергожүйесінің сенімділігі мен үздіксіз жұмыс істеуіне бағытталған) іске асырылды, бұл инвестицияланған капиталдың елеулі өсуіне алып келді және тиісінше инвестициялар рентабельділігі көрсеткішін төмендетті.

<https://www.interra.ru>

<https://www.rwe.com/en/investor-relations/financial-calendar-and-publications/reporting/>

<https://www.cez.cz/nextcez/en/investors/financial-reports/annual-reports>

Дереккөздер: ПАО «Интер РАО», RWE Group, CEZ Group

Инвестициялар рентабельділігінің көрсеткіштеріне әсер ететін қосымша фактор Қазақстан Республикасында ұқсас компаниялардың елдерімен салыстырғанда электр энергиясына тарифтің төмен деңгейі болып табылады.



Мемлекет	1 кВтс үшін орташа тариф*	теңге/кВтс	2025 ж. жағдай бойынша орташа бағам*
Қазақстан	30,97 теңге	30,97 теңге/кВтс	
Ресей	7,08 рубль	44,46 теңге/кВтс	6,28 теңге/рубль
Германия	0,31 еуро	183,32 теңге/кВтс	590,15 теңге/еуро
Чехия	6,18 крон	147,91 теңге/кВтс	23,94 теңге/чех кронасы

* Қоғам тобы бойынша түпкілікті тұтынушы үшін орташа тариф көрсетілген, ҚҚС-сыз,

** ҚР Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес орташа бағам

Дереккөз: Еуростат, Росстат